ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

MINISTRY OF EDUCATION AND
SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY









Тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Х. Барлыбаеваның
60 жылдық мерейтойы және Дүниежүзілік Теледидар күніне арналған

# «ҚАЗАҚСТАН ТЕЛЕИНДУСТРИЯСЫНДАҒЫ ЖАҢА ТРЕНДТЕР: ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН КОНТЕНТ»

атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция

## МАТЕРИАЛДАРЫ

**2016 жыл 11 қараша**

## МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции

# «НОВЫЕ ТРЕНДЫ В ТЕЛЕИНДУСТРИИ КАЗАХСТАНА: ТЕХНОЛОГИИ И КОНТЕНТ»,

посвященной 60-летнему юбилею доктора исторических наук,
профессора С.Х. Барлыбаевой и Всемирному Дню Телевидения

**11 ноября 2016 года**

## MATERIALS

of the Republic scientific-practical conference,
dedicated to the 60-anniversary of the Doctor of Historical Sciences,
professor S.Kh. Barlybaeva and International Day of Television

# «NEW TRENDS IN THE TELEINDUSTRY OF KAZAKHSTAN: TECHNOLOGIES AND CONTENT»

**The 11th of November, 2016**

# ҚАЗАҚТЫҢ СӘУЛЕСІ

**Нұржанова Ш., Бекболатұлы**
*Әл-Фараби атындағы Қа*
*журналистика факультетінің ұстазд*

Тарих ғылымының докторы, профессор Сәуле Хатиятқызы Барлыбаеваның көрнекті ғалым і емес, сондай-ақ спорт жұлдызы екендігін бүгінгі жастардың бірі білсе, бірі біле бермейді. Мейілі қарапайым, қолынан келген көмегін көпшіліктен аямайтын абзал жан Сәуле ханым Қазақстан сп ты жылнамасына өзінің жарқын беттерін жазды. Қазақтың тұңғыш спорт комментаторы Сұлтанғ Қаратаевтың өткен ғасырдағы ұлт өрендерінің жетістіктеріне шолу жасағаны бар. Сөзіме дә ретінде соны келтіре кетейін. «Ол кезең Қазақстан спортына бір шоқ жарық жұлдыздарды, сәу еш сөнбейтін, есімдері мәңгі жасайтын сұңқарлар мен тұлпарларды, жақсылар мен жайсаңда мырзалықпен сыйлаған дәуір еді, деп әлқисасын бастаған Сұлтекең сайыпқыран спортшыларымыз есімдерін атап, түгендеген еді. Назар аударыңыз: «боксшы Шоқ Бөлтекұлы, Әбдісалан Нұрмахан ағайынды Махмұт пен Мақсұт Омаровтар, мерген Гүлшат Майлыбаева, палуан Әбілсейіт Айхан Аманжол Бұғыбаев, Аманкелді Ғабсаттаров, шахматшы Аида Мүслимова мен Пану Әбдіқас желаяқ Әмин Тұяқов пен Ғұсман Қосанов, конькиші Ораз Қаңлыбаев, гимнасшы Алтын Батырбек Сәуле Барлыбаева, Сәуле Рахыметова, баскетболшы Ольга Апатаева, судопшысы Нұрлан Меңдіғали Асқар Оразалинов, Ерлан Аяпбергенов, футболшы Темір Сегізбаев, Сейділдә Байшақов, Құрал Ордабаев, хоккейші Қазбек Байболов, волейболшы Заңғар Жәркешев, Жәнібек Сауранбаев, Еңсе Иманғалиев, Әктәбір Жарылғапов және қазақтан шыққан басқа жүзге жуық спорт тарландары өт ғасырда Қазақстан спортының шамшырағы атанды» деп тоқтаған Сұлтанғали ағамыз «бұлардың тарихында алатын өзіндік орны бар» деп, әңгімесін қорытқан болатын.

Соңғы кездері түшымды талдауларымен, ойлы мақалаларымен оқырманды қозайым қыл жүрген EL.kz сайты қазақ қыздары туралы жуырда сырға толы суреттеме жариялады. **«Қа халқының беделді қыздары» деп аталған журналист жазбасы «**Ер адамнан кем түспейтін Томи халқымыздың қазақ қыз-келіншектеріне үлгі болып, мақтанышына айналды. Сонымен қатар, кәді аналарымыз Айша бибі, Қарашаш ханым, Домалақ аналар қазақ қыздары үшін пәктік, адалдық, мах бат пен даналықтың символы болып мәңгі қала бермек» деп басталады. Өнер мен мәдениетке, ғыл мен білімге, халық ағарту ісіне, елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға үлес қосқан қорғаған апа-қарындастарымызға егжей-тегжейлі тоқталған қаламгер «Әлемдік спорт аренасында қа елінің кім екенін танытқан, кезінде спорт шебері болған Сәуле Барлыбаева, Аида Мүслімова, Гүл Сахатова, Эльвира Сахатовалардың ізін суытпай, Әлия Жүсіпова, Шолпан Қалиева, Әсел Жақаева жалғастырып келеді» деп, сөз еткелі отырған кейіпкеріміздің бейнесін сомдай түсті.

Спорт әлеміндегі шамшырақтарымыздың бірі емес, бірегейі болған Сәуле Барлыбаева 1972-1 жылдары көркем гимнастикадан Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, 1976 жылы КСРО чем оны болды. Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Спорттағы жетістіктерін шығармашыл ізденістермен шебер ұштастыра білген Сәуле 1979 жылы сол кездегі С.М. Киров атындағы Қа мемлекеттік (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық) университетінің журналистика факульте бітірген соң 1979-1983 жылдары Қазақ теледидарында журналист, редактор, спорт шолушысы бол еңбек етті.

Тағы да журналист жазбасына көз жүгіртейік. «Нарықтық заманда ер азаматтардың көбі ғылым тастап, бизнес саласына мойынсұнып жатқанда бір қолымен бесік тербетіп, бір қолына қалам ал ғылым мен білімге, өнер мен мәдениетке, спорт пен саясатқа белсене араласып жатқан қазақ қыздарын еңбекқорлығы мен қайсарлығына тамсанбай қоймауға болмас. Және олар барлық қазақ қыздарына ү екені сөзсіз» дейді қаламгер. Осы пікірдің растығын профессор Сәуле Барлыбаеваның ғылымдағы жә өмірдегі жолы айғақтай түседі. Ол сырыққа құрық жалғаған тоқсаныншы жылдардың қиын-қыст кезеңінде журналистік жұмыстан ғылым мен білім бағытына бет бұрды. «Оқу инемен құдық қазғанда

азақ. Және ол құдық сол кезгі Одақтың маңдайалды жоғару оқу орны – М.В.ломоносов атындағы мемлекеттік университеті болса, иненің темірдей тегеурінді болатыны түсінікті ғой. 1992 жылы истика факультетінің аспирантурасын бітірген соң кандидаттық дипломын алды. Көп ұзатпай лық атаққа да қолы жетті. Сәуленің докторлық жұмысының тақырыбына бір сәт коз салып ші: «История развития информационного общества в странах Юго-Восточной Азии(на примере зии и Сингапура»! Қиын да қызғылықты мәселені өз деңгейінде көтере, зерттей білген Сәуленің еленіп, атағынан ат үркетін профессор лауазымын иеленді.

ақсат адамды алға жетелейді. Сәуле Хатиятқызы өзі түлеп ұшқан алтын ұя-Қазақ ұлттық рситетінің журналистка факультетінде кафедра меңгерді. Ұлы ұстазы, қазақ тележурна-ка ғылымының негізін қалаушы, ұлтың ұлық азаматтарының бірегейі, профессор Марат айұлы Барманқұлов атындағы телерадио кешеннің директоры болды. Жемісті шығармашылық сты зерделі зерттеушілікпен ұтымды ұштастырып, 130-дан аса ғылыми еңбектің, оның ішінде рафиялардың, атап айтқанда «Казахстан: информационно-коммуникационная инфраструктура», муникация в жизни подрастающего поколения», «Современные СМК Казахстана в эру глоба-ии», «Массовая коммуникация: перспективы развития», «Новые медиа в мире и в Казахстане» ы сүбелі туындылардың авторы атанды. Бүгінде баспасөз және электрондық бұқаралық ақпарат дары кафедрасының профессоры Сәуле Барлыбаева магистратурада радиохабар дайындаудың ибелік курсы, телевизия және радиобағдарламаларды дайындаудың технологиясы, тележурнали-негіздері, тележүргізушінің шеберлігі, телесұхбат дайындаудың тәжірибелік курсы, телехабар дың технологиясы, тікелей эфирде жұмыс істеу шеберлігі пәндері бойынша дәріс оқиды. Ал ма-атурада заманауи медиатехнологиялар, сандық журналистика және жаңа технологиялар; доктор-ада ғылым мен инновациялар ақпарат кеңістігінде, жаңа медиа құралдары редактурасы, интернет-уникацияның дамуы және қоғам, қазіргі медиаанализ сияқты күрделі білім негіздерін үйретеді.

әуле ханымның жемісті зерттеушілік және оқу-әдістемелік қызметі еленін-ескеріліп, ол 2007 ы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды.

Қазақтың «жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай бір қоймас тегіне» деген ата-сөніндегі керемет нақылы бар. Сәуле Хатиятқызының өмірде қол жеткізген толайым табыстарының ын алыстан іздеп кажеті жоқ. Оның әкесі хатият Хабибұлы Қара теңіз флотының әскери ұшқышы п, Екінші дүниежүзілік соғыста ерен ерлік үлгісін көрсетсе, ал атасы, Қазақ КСР-ның еңбек ген дәрігері, медици-ылымының кандидаты, ессор Хабиб Ақтайұлы ыбаев өткен ғасырдың шеніндегі ұлт зиялы-ы шоғырының көрнекті і болатын. Хабиб айұлы атақты режиссер кен Аймановтың әйгілі дің сүйікті дәрігер» ьмі бас кейіпкерінің тотипі болып табыла-Хабиб Барлыбаев ұлы н, дала данышпаны мбыл Жабаевтың жеке ігері болған, сондай-ақ



ұлтымыздың абзал азаматтарының бірі, сол кезеңде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің інші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметовтың денсаулығын бақылап отырған. Қасиетті Баянау-өңірінің тумасы Хабибтің туған ағасы Ахметолла Барлыбаев Алашорда қайраткері болған. Хабиб ақал 1937 жылы жазалуаға ұшыраған ағасының балалары Камал, Ғинаят, Нағима, Халелді өз қолына ып тәрбиелеп, өсіреді. Осы ізгі жанұядан Барлыбаевтардың дәрігерлер әулеті түлеп ұшады.

Текті атаның ұрпағы бүгінде өз биігінен көрінуде. «Қырандар қияда қалықтайды» дегендей, біз-птестері, дос-жарандары Сәуле Хатиятқызына өмірде бақыт, тірлікте табыс, әдеби-журналистік не ғылыми қызметте шығармашылық шабыт тілейміз.